

«Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы»

Республикалық қоғамдық бірлестігінің

кеңесімен (РҚБ «АСБК»)

«БЕКІТІЛДІ»

25 желтоқсан 2020 жыл

ҚАЗАҚСТАН БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ АССОЦИАЦИЯСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ (РҚБ «АСБК»)

МҮШЕЛІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы Республикалық қоғамдық бірлестігінің бұл мүшелік ережесі (одан кейін- Ереже) РҚБ «Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясының» (одан кейін- АСБК) Жарғысы негізінде құралды. Бұл Ереже басты құжат ретінде есептеліп, АСБК мүшелігіне ену тәртібін, мүшелердің өзіндік құқықтары мен міндеттерін, мүшеліктен шығу және шығару тәртібін, мүшеліктің қаржылық, мүліктік жағын және мүшелікке ену үшін толтырылатын өтініш қағазын (қосымша 1) ұсынады.

1.2. Бұл Ереже АСБК-ның мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға атсалысу мүмкіншілігін қолдануда АСБК мүшелерінің іс-әрекетіне жағдай жасау тәртібін орнатады.

1.3. Осы Ережемен қарастырылмаған басқа да сауалдар АСБК Жарғысының аясында шешіледі.

## 2 АСБК мүшелігіне ену тәртібі

2.1. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес АСБК мүшелігіне Қазақстан Республикасы азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ АСБК-ның Жарғысын және оның басқа да реттеуші Ережелерін мойындайтын азаматтар ене алады.

2.2. АСБК мүшелігіне қабылдау қалаушының АСБК сайтындағы жазбаша өтініші немесе тіркеу нысанын толтырып, мүшелік жарнаны төлегеннен кейін жүзеге асырылады. Бұл қабылдау тіркеумен сипатталады, алайда, өтініш берушінің алдағы қызметі немесе айтылған ұстанымы АСБК Жарғысына және оның басқа да реттеуші Ережелеріне сәйкес келмесе, өтініш Кеңес шешімімен қабылданбауы да әбден мүмкін.

2.3. Мүшелікке ену өтініші өтініш берушінің қолымен немесе оның тікелей қатысуымен толтырылуы қажет.

2.4. АСБК мүшелігіне ену өтініші толық мәліметті қарастыру қажет: Тегі, аты, әкесінің аты, туылған күні, төлқұжатының нөмірі мен берілген күні, мүшелік түрі, жеңілдетілген мүшелік болған жағдайда, оны растайтын құжат нөмірі мен берілген күні, АСБК-дан хат-хабар жіберіліп тұратын пошталық мекен-жайы, электронды түрде жіберілетін мәліметке электрондық адрес (қарсы болмаған жағдайда), өтініш берушінің телефон нөмірі және белгіленген үлгіге (қосымша 1) сәйкес басқа ақпараттар. 16-ға толмаған азаматтардың өтінішінде АСБК мүшелігіне енуін мақұлдайтын ата-анасының бірінің немесе қамқоршысының аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілуі қажет. АСБК өтініш берушілер мен АСБК мүшелерінің дербес деректерінің құпиялылығы үшін жауапты.

2.5. Егер өтініш үшінші тұлға арқылы берілсе немесе жарна үшінші тұлға арқылы төленсе, АСБК -ның жауапты қызметкері өтініш берушімен өтініште көрсетілген нөмірге хабарласып, АСБК-ның жаңа мүшесі екендігін растап, содан кейін дерекқорға тіркеледі. Өтініш берушінің жеке растауынсыз, тіркеу жүргізілмейді.

2.6. Егер АСБК-ға үшінші тұлға арқылы бір мезгілде 10 өтініштен аса келіп түссе, ондағы жауапты қызметкердің әрбір өтініш берушіге жеке телефон соғып, мүшелікті растап, тапсырған есебі негізінде АСБК Кеңесі тіркеуге алу жайлы шешім қабылдайды.

2.7. Әрбір АСБК мүшесіне тіркеу нөмірі беріледі, ол мүшелік билетінде бейнеленеді. Бүкіл мағлұмат АСБК мүшелігіне ену өтінішінде көрсетілген ақпаратқа сәйкес электронды дерекқорға енгізіледі. Егер сол мағлұмат ішінде мүшелік жарна мөлшеріне әсер ететін қандай да бір өзгерістер болған жағдайда, немесе пошталық мекен-жай, электрондық адрес, телефон нөмірі өзгерген жағдайда, мүше еркін нысанмен АСБК-ға жазбаша түрде хабарлауы қажет. Ақпаратты өңдеу рәсімін жеделдету мақсатында мүше төлем жүргізу барысында немесе АСБК-ға жүгінген уақытта мүшелік билеттің нөмірін көрсетуі қажет.

2.8. Электронды дерекқорға тіркегеннен кейін, АСБК-ның жаңа мүшесі АСБК электронды мүшелік билетіне ие болады. Мүшелік билет мерзімі мүшелікке енген немесе оны созырған кезде сол төленген жылдың соңына дейін жарамды. Мүшелік билетте мүшенің аты-жөні, билет нөмірі, қолдану мерзімі және АСБК-ның толық аты көрсетіледі. Мүшелік билеттің дизайны АСБК-ның Қоғаммен байланыс бөлімімен және басшылардың қолдауымен өзгеруі мүмкін.

2.9. АСБК мүшелігінен шығу мүшенің жазбаша өтінішімен, АСБК-ның жауапты қызметкерінің рәсімдеуі арқылы жүзеге асырылады.

2.10. АСБК-ның мүшелік қатарынан шығару келесі жағдайларда орындалады:

2.10.1. АСБК Жарғысы талабын орындамағаны үшін АСБК Кеңесінің дәлелді шешімімен;

2.10.2. Автоматты түрде ағымдағы жылдың соңына дейін АСБК мүшелік жарнасын төлемеген жағдайда.

2.11. Егер осы ереженің 2.13. тармағы негізінде мүше АСБК мүшелігінен өз еркінше шығатын болса, немесе, осы ереженің 2.14.2 тармағына сәйкес АСБК мүшелігінен шығарылатын болса, оған АСБК мүшелігі қатарына қайта кіруге құқығы бар.

2.12. Егер мүше осы ереженің 2.14.1. тармағына сәйкес АСБК мүшелігінен шығарылған жағдайда, оған АСБК Кеңесіне шешімді қайта қарастыру жөнінде өтінішхат ұсынуына болады. Оның мүшелікке қайта кіруі АСБК Кеңесінің оң шешім қабылдауына байланысты.

### **3. АСБК -ның мүшелік санаты**

3.1. «Жанұя мүшелігі» - ерлі-зайыптылар, олардың ата-аналары, 18 жасқа толмаған балалар

3.2. «Жеңілдікті мүшелік» - мектеп жасына дейінгі балалар, мектепте, жоғарғы оқу орнында оқитын балалар (докторанттан басқалар), зейнеткерлер және мүгедектер.

3.3. «Құрмет мүшелігі» - бұл санат Қазақстанда биоалуантүрлілікті сақтауға және/немесе АСБК-ның мақсат-міндеттерін іске асыруға ерекше қосқан үлесі үшін АСБК-ның Жалпы жиналысымен шектеусіз қолданылатын арнайы мүшелік билетін ұсынуымен беріледі.

3.4. «Қалыпты мүшелік» - басқа санаттарға еш қатысы жоқ тұлға.

#### 4. АСБК-да мүшелік жарнасын төлеу тәртібі

4.1. Мүшелік жарнаны төлеу күнтізбелік жылда бір мәрте 31 желтоқсанға дейін келесі АСБК мүшелігіндегі санаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

4.1.1. «Қалыпты мүшелік» -3000 теңге

4.1.2. «Жанұя мүшелігі» - 3000 теңге және жанұя мүшелеріне:

- 2000 теңге «Жеңілдікті мүшелік» және «Құрмет мүшелігі» санаттарына кірмейтін әрбір ересек жанұя мүшесіне
- 1000 теңге әрбір «Жеңілдікті мүшелік» санатындағы жанұя мүшесіне;

4.1.3. «Жеңілдікті мүшелік» -1500 теңге

4.1.4. «Құрмет мүшелігі» - ақысыз

4.2. Мүшелік жарна АСБК есеп айырысу шотына аударым арқылы, интернет-төлемдер жүйесі арқылы, немесе АСБК-ның бухгалтериясына қолма-қол төлем ретінде, немесе мүшелік жарнаны алуға уәкілетті тұлғаға тапсыру арқылы өтеледі. АСБК мүшесінің төлем жүргізу жөніндегі міндеті төлемнің АСБК есеп айырысу шотына немесе бухгалтерияға түскен мезетінен бастап аяқталған болып есептеледі.

4.3. Мүшелік жарна төлемі жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл жылма-жылдық төлем төленген жыл соңына дейін мүшеліктің барын растайды.

4.4. *АСБК-ның Жалпы жиналыстарында дауыс беру құқығына*, сонымен қатар, АСБК-дан ақпараттар және хат-хабар алуға, АСБК өнімін сатып алуға жеңілдіктерге, және басқа да АСБК Жарғысымен қарастырылған жеңілдіктер мен құқықтарға *АСБК мүшелік жарнасын осы жылға өтеген мүшелер ғана ие бола алады.*

#### 5. АСБК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

##### 5.1. АСБК мүшелері құқықты:

5.1.1. АСБК-ның Жалпы жиналыстарына қатысуға. Шешуші дауысқа 16 жасқа толған, мүшелік қатарында Жалпы жиналыс жүргізу сәтіне қарсы 90 күннен аса уақыт болған мүшелер ие бола алады. АСБК-ны басқару органына 18 жасқа толған мүшелер арасынан сайланады;

5.1.2. АСБК -мен жүргізілетін барлық іс-шараларға қатысуға;

5.1.3. АСБК Кеңесі төрағасының немесе атқарушы директорының жазбаша тапсырмасы бойынша мемлекеттік, жеке, қоғамдық мекемелерде АСБК-ны өкілдік етуге;

5.1.4. АСБК Кеңесімен келісе отырып, секцияға, комиссияға, жұмыс тобына, клубтарға және басқа да топтарға бағдары, басымды қызмет бағытына қарай бірігуге;

5.1.5. АСБК-ның қызметі жайлы толық ақпарат алуға (коммерциялық құпиядан басқа);

5.1.6. АСБК қызметіне қатысты сұрақтар бойынша бүкіл органдарға ұсыныстар беруге;

5.1.7. Қоғамдық мекемелерді басқару органдарына АСБК қызметіне қатысты өз құқығын қорғауда көмек көрсетуді сұрауға;

5.1.8. Өз еркімен АСБК мүшелігі қатарынан шығуға.

##### 5.2. АСБК мүшелері міндетті:

5.2.1. АСБК Жарғысын ұстанып, ондағы басқарушы органдардың шешімін орындауға;

5.2.2. АСБК Жарғысы міндеттерін орындауға жағдай жасап, оған белсене қатысуға;

5.2.3. АСБК Кеңесімен қарастырылған шешімдерге сәйкес жылма-жылдық мүшелік жарна төлемін толықтай және уақытылы өтеуге;

5.2.4. АСБК қызметі жайлы құпия ақпаратты және коммерциялық құпия қатарындағы мағлұматты (коммерциялық құпия болып жария салдарынан АСБК қызметіне зияны тиетін кез-келген ақпарат саналады) жарияламауға, сонымен қоса, АСБК қызметіне зиян келтіруші басқа да іс-әрекеттен тартынуға.